

УДК 929

СОФЫ СМАТАЕВТЫҢ ЖАЗУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ

Еришева Т.А.

Қазақстан тарихы кафедрасының
аға оқытушысы, ҚМПИ, Қостанай

Аннотация

Мақалада қазақ халқының белгілі жазушысы Софы Сматаяевтың еңбектері қарастырылады. С. Сматаяевтың тарихи тақырыпқа жазылған «Елім-ай», «Жарылғап батыр», «Мейрамсопы-Қарқабат» және т.б. шығармалары талданады. Жазушының негізгі прозалық еңбегі – «Елім-ай» роман-трилогиясының өзіндік ерекшеліктері көрсетілген. Жазушы тарихи романда қазақ халқының өткеніне жүгініп, қазақ даласының тарихындағы қиын-қыстау кезеңді сипаттайды. Автор материалды жақсы білуінің нәтижесінде өткен тарихты бейнелей алды.

Аннотация

В статье рассматриваются труды известного писателя казахского народа Софы Сматаяева. Анализируются произведения «Елим-ай», «Жарылғап батыр», «Мейрамсопы-Карқабат» С. Сматаяева, написанные на исторические темы. Показаны характерные особенности основного прозаического труда писателя - романа-трилогии «Елим-ай». В историческом романе писатель обращается к прошлому казахского народа, описывает тяжелейший период в истории казахской степи. Писатель сумел проникнуть в историческое прошлое, благодаря отличному знанию материала.

Abstract

The article deals with the works of well-known of kazakh people writer Sophy Smataev. Analyzes the work "Elim-ai", "Zharylgap Batyr", "Meyramsopy-Karkabat" S. Smataeva written on historical themes. Showing special features main prosaic work of the writer of the novel trilogy "Elim-ai". In the historical novel, the writer refers to the past kazakh people, describes the most difficult period in the history of the kazakh steppe. The writer was able to penetrate into the historical past, thanks to the excellent knowledge of the material.

Түйінді сөздер: жазушы Софы Сматаяев, «Елім-ай» тарихи романы, тарихи тұлғалар, 17 томдық шығармалар жинағы.

Ключевые слова: писатель Софы Сматаяев, исторический роман «Елім-ай», исторические личности, сборник произведений в 17 томах.

Keywords: the writer Sophy Smataev, historical novel «Elim-ai», historical figures, the works in 17 volumes.

1. Кіріспе.

Тәуелсіздікті алғаннан бергі жылдарда Отандық тарих ғылымында өзгерістер мен жаңарулар қалыптасты. Кеңестік тоталитарлық жүйенің күйреуі ұлттық тарихқа жаңаша көз-қараспен қарау қажеттігін туындатты. Қазіргі таңда жеке тұлғалардың өмір жолы, қоғамдық-саяси қызметі, тарихи көзқарастары мен еңбектері ауқымды түрде зерттелуде.

Біздің қазақ даласы қай заманда да дарынды, ақылды адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Шығармалары республика көлеміне кеңінен таныс, әдебиетке ХХ ғасырдың 60 жылдары келген қазақ жазушыларының бірі – Софы Сматаяев.

Әдебиет – өмір айнасы десек, қоғамдағы, тарихтағы барлық жағдайлар әдебиет әлемінен көрініс табады. Қоғам қайраткері, әдебиеттанушы А. Байтұрсынов айтқандай, «Тарих-

тың қызметі – бүтін адам баласының, яғни бүтін бір жұрттың, ия бір халықтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» (А. Байтұрсынов, 1989, 39 б.) болса, әдеби шығармада суреттеліп отырған кезең автордың ой көзінен өтеді, сұрыпталады, қорытылады, одан әрі сол туындыға ғана тән сипатқа ие болып, оқырман алдында қайта тіріледі, тарихи келбеті жасалады.

Өркениетті елдер қатарынан көрінуге талпыныс жасап жатқан шақта – еліміздің тарихын көркем шеберлікпен ұштастырып жаза білген С. Сматаев сынды тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттеу өзекті тақырып деп есептейміз. Өйткені осы тақырып жайында арнайы жазылған ғылыми еңбек жоқ, қаламгердің мұрасы бүгінгі күнге дейін ғылыми тұрғыдан талданған емес.

С. Сматаев – қазақ әдебиетіне кесек туындылар әкелген көркем сөз шебері, дара суреткер. Бұл әсте кездейсоқ құбылыс емес, қаламгердің ұдайы ізденуінің, көп еңбектенуінің, алдындағы парызын терең түсінуінің нәтижесі. Есімі мен еңбегі жоғары деңгейге көтерілген, өзіндік қолтаңбасы, тақырыбы, мұрасы қалыптасқан жазушы.

С. Сматаев қазақ әдебиетінің ғана емес, *қазақ халқы тарихының* төрінен орын алатын дара тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Ақиқат шындық темір шымылдықтың ар жағында тұтқындалып, ата тарихының «ақтаңдақтарын» зерттеуге тиым салынған жылдары Софы қазақ қаламгерлерінің алғашқыларының бірі болып қиын да күрделі тақырыпқа – *қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына* қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтып, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнелерін сомдаған туындысы – *«Елім-ай»* тарихи трилогиясын дүниеге әкелді.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінде тарихи романдардың үлесі барған сайын артып келеді. Өткен жылдарда тарихи тақырыпты меңгеру талабы елеулі нәтижелер бергенін атап өту қажет. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ тарихын көркемдік тұрғыдан игеруге ұмтылыс өріс алды. Атап айтқанда, белгілі жазушылар *І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы*, *Ә. Әлімжановтың «Жаушы»*, *Ә. Кекілбаевтың «Үркер»*, *Т. Жұрлыбаевтың «Тамыз таңы»*, *«Райымбек» дилогиясы* романдары оқырман қауымды бейтарап қалдырған жоқ (Қ. Алпысбаев, 2008, 15 б.).

2. Материалдар мен әдістер.

Зерттеу жұмысында тақырыпты зерттеуге негіз болған барлық еңбектерді, ыңғайлы болу үшін үш топқа бөліп қарастырдық:

- жалпы тарихи романдар және оларға қатысты зерттеулер;
- С. Сматаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған еңбектер;
- С. Сматаевтың өз шығармалары.

3. Талқылау.

Софы Сматаев қазақ әдебиетінің барлық жанрында шығарма жазып жүрген қарымды қаламгер ретінде белгілі. Ол – *романист, новеллист, либреттис, драматург, ақын, эссеист, журналист*.

Әр әншінің өз үні, өз әуені болуы қалай қажет етілсе, әр жазушының өз тілі, өз стилі, сөз саптау, оқиға өрбіту, ой өрнектеуде өз ерекшелігі, өзгешелігі болады. Софы Сматаев сол өзіндік бетін, өзіндік тақырыбын, өзіндік талғамын, қаламгерлік бағытын суреткерлік кредосын тапқан жазушы.

Софы алғашқыда шығармашылық қадамын ақындықтан бастады. Ең бірінші шыққан кітабы – *«Астана оттары»* деп аталатын өлеңдер мен балладалар жинағы еді. Бұл кітап 1962 жылы баспаға тапсырылған. Онда Софының Мәскеуде оқып жүргенде жазған өлеңдері жинақталған еді. Жазушы 1962 жылы Алматыға келіп, өлеңдерін «Жазушы» баспасына алып барып талқылау жасатады. Оның өлеңдері қабылданады, бірақ тек 1968 жылы ғана әрең басылып шықты. 72 беттен құралған бұл жинақ 8500 дана болып шықты. Сматаевтың тұңғыш еңбегіне 53 өлеңі мен 2 балладасы кіргізілген.

Қаламгер шығармашылық жолын өлеңмен бастап, дегенмен проза жанрына тез ауысып кетті. Софы Қалыбекұлының проза жанрына ауысуына қазақтың классик жазушысы Тәкен Әлімқұловтың ықпалы болды.

Софы Қалыбекұлының 1970 жылы *«Армысың, ана!»* деп аталатын екінші кітабы *«Жазушы»* баспасынан басылып шықты. Аталмыш еңбекке *«Қызыл дәптер»* повесі және *«Армысың, ана!»*, *«Сол бір түн»*, *«Қаймақ»* деген әңгімелері енгізілген.

1974 жылы қаламгердің *«Алау»* атты үшінші повестер жинағы жарыққа шықты. Кітаптың тілі кұнарлы, жеңіл оқылады. 200 беттік осы жинаққа автордың әр жылдары жазылған үш повесі кірді. *«Бәсер, Айкүміс және басқалар»*, *«Алау»* повестерінде қазақ жұмысшыларының туу қалыптасу, өсу кезеңдері суреттелсе, *«Бір күй бар»* повесінде атақты халық композиторы Біржан сал өмірінің ең соңғы аянышты сәті бейнеленген.

Жазушы алғашқы *«Қызыл дәптер»*, *«Алау»*, *«Бір күй бар»* повестерімен-ақ қаламгерлік қарымын танытып, оқырмандарын лирикалық кейіпкерлердің бейнесін ұтымды жасай білуімен баурап алды. Одан кейін *«Елім-ай»* романын жазбақшы болып мойнына ауыр да жауапты міндет алды. Қазақ халқының азаттық жолындағы тақырыпты көтеру, ол жөнінде көркем шығарма жазу бүгінгі таңда жаңалық болмай отырса, 1960–1970 жылдары оның бұл қадамы ерлікпен пара-пар болатын. Ол ерлігі *«Елім-ай»* романының алғашқы кітабының жазылуы. Отызға да жетпеген жас қаламгердің перзенттік парызды жүрегімен қабылдап, мойнына ауыр жүк көтеріп ғасырлар қойнауында қалған, қағаз бетіне түспеген шашыранды тарихымызды тірілтуді мақсат тұтқаны қандай бағалауға да сияды. І. Есенберлиннен кейін Софы Сматаев тарихи тақырыпқа батыл барып, оқырманды бір сілкініп тастады (Ә. Нұршайықов, 1991, 4 б.).

Софы Сматаев Мәскеулік атақты *«Орақ пен балға»* зауытында жұмыс істеп жүргенде өзінің алғашқы *«Алау»* повесінің болашақ кейіпкерлері бейнелерін көз алдына елестетіп, тезірек оқырмандарына жеткізуге асыққан. Софы проза жанрына ауысып, *«Алау»*, *«Бәсер, Айкүміс және басқалар»*, *«Аймаңдай»*, *«Дүние өтерінде шыр айналды»* повестерімен-ақ қаламгерлік қарымын танытып, оқырмандарымен кейіпкерлері арқылы қоян-қолтық араласты. *«Алаудағы»* жас маман, металлург Сапар от пен шоқтың арасында шойын құюдың да, адамтанудың да мектебінен өтсе, *«Бәсер, Айкүміс және басқалар»* қырқыншы жылдар бас кезіндегі қазақ ауылының өндіріске енуі, өнеркәсіпке бет бұруы, жұмысшы табының жасампаз тірлігіне араласу, тағдырлас үш достың – Бәсер, Қарағұл, Әйкештің бір-біріне деген қалтқысыз көңілі, сыйластығы, ақ-адал қарым-қатынасы табиғи көрінісін тауып, есте қалады.

Ал *«Дүние өтерінде шыр айналды»* повесінде атақты Біржан сал ғұмырының қасіретке толы соңғы үш жылы тілге тиек етіледі. Асқақ әуенімен Сарыарқаны дүбірлеткен, адуын әнімен үш жүзді елеңдеткен сал серілік төресі Біржанның аяқ-қолы бұғауланып, кісен салынып, өзі жолым үйдің керегесіне таңылып тасталғанын баяндайды. Жазушы осы еңбегінде сол кездегі өнерімен өрге жүзген әнші-күйшілерге жасалған қатігез заман қысымын бейнелейді.

С. Сматаевтың шығармашылық табысы қомақты. *«Мәңгілік бастауы»*, *«Ақжелең»*, *«Бұлақ»* романдарында, *«Дүние өтерінде шыр айналды»*, *«Аймаңдай»*, *«Алау»* повестерінде ол кейіпкерлерінің жан дүниесіне барынша бойлай еніп, толыққанды хәм нанымды тұлғалар жасаған.

Сматаев алғашқы кейіпкерлерін өмір сахнасына аттандыра салысымен ауыр да жауапты, абыройлы міндетке ұмтылған. Тек шынайы жазушының маңдайына өткен күндердің де, өз заманының да сырын саралап, жырын жырлап, уақыт айнасына айналу жазған. Әдетте нағыз ер жүгін көтерер қайсар қаламгерлер ғана халқының тілегін арулап көзге түсіп, елінің үні боп сөйлей алады.

Осындай тілектестік, үміт жетегі Софы Сматаевтың қазақ тарихына үңіліп, өткеніне көз жібертіп, жазушылық қаламға перзенттік парыз артқан. Тәуекел деп бел буып, білек сыбанып кірісіп кеткен негізгі кітабы – *«Елім-ай»* романының бірінші кітабы 1968–1969 жылдары жазылған. 1970 жылдардың бас кезінде романды *«Жұлдыз»* журналына ұсынды. Бұл роман

әр түрлі пікір таласын тудырды. Негізгілері: «тақырып қайталау», «ділмарсу», «кейіпкерлердің бәрі шешен сөйлейді», «шұбалаңқы», т.б. Ол кезде жас жазушының романын «Жұлдызға» жариялау өте сирек болды, роман ұзақ жатып қалды. Кейін «Елім-ай» журналдың бірнеше санында жарияланды. Әйгілі сыншы, академик Мұхамеджан Қаратаев 1979 жылы наурыз айында болған Қазақстан Жазушылар Одағы мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының бірлесе отырып өткізген 1978 жылдық қорытындысындағы үлкен мәжілісте «Әрқашан да жаңадан шыққан жақсы шығарманы көргеніміз жөн. Ондай романдар қазіргі қазақ әдебиетінде бар. Солардың бірі – талантты жазушы Софы Сматаевтың «Елім-ай» романы. Міне, осы романды жақсылап тұрып орыс тіліне аударса тек қана Қазақстан көлемі емес, «Елім-ай» әлемдік әдебиет деңгейіне Қазақстан әдебиетін шығаратын туынды» (Д. Исабеков, 2001, 8 б.) деп атап айтқан. Бұл роман Софының шебер суреткерлігін, терең ойлылығын, эпикалық қарымдылығын, тілге шешендігін танытқан еді.

«Елім-ай» трилогиясы – тарихи шындықпен көмкерілген көркемдік шындық. «Елім-ай» романында батыстағы Ресей, шығыстағы жоңғарларға қарсы тәуелсіздігі мен азаттығы үшін қазақ халқының күресі баяндалады. Ата-тарихтың ақтарылмай, сарғайған беттеріндегі қазақтың аңыз-ертегісі, әні мен күйі, ерлігі мен еркіндігі «Елім-ай» тарихи романына арқау боп тартылып, оқиға боп өрілген. Осы романның және бір ұтымды тұсы, қастерлі қадірі – ақындық көркем тілі болып табылады. Софы өзі суреттеп отырған зар заман, қилы кезеңнің көне тілі үлгілерін, шешендік дәстүрін барынша сақтаған.

Зерделі талант, білімгер қаламгер өз елінің өткеніне де үңіледі, бүгінін де жаңғыртады. Ой-өрісінің кеңдігі, аңғарымпаздық халқын жырлаудан жалықпайтын қаламгерге қыруар көмбелер көзін ашуға мүмкіндік берді (З. Серікқалиұлы, 1996, 269 б.).

Софы «*Мәңгілік бастауы*» романында ауыл шаруашылығында орын алған олқылықтарды жоюдың әр түрлі жолдарын іздестіріп, дабыл қағады. Жазушы сол сексенінші жылдардың басында ауыл шаруашылығында кездесетін көзбояушылық пен қырсыздықты батыл сынады.

Осындай батылдық Сматаевтың «*Бұлақ*» романына да тән. Арамдық пен адалдықтың бітіспес шайқасын көрсетуге бағытталған бұл кітап авторының өз халқының тазалығын, шыннайылығын сақтап қалуды көксеген арман-тілегімен ұштасып жатыр. «*Бұлақ*» романы әке мен бала қатынасын, ауыл мен қала байланысын, кешегі мен бүгінгі мұрат мүдделер сабақтастығын, сөз бен іс сәйкестігін, адалдық пен арамдықтың бітіспес шайқасын көрсетуге арналған. Осыған қоса Софы Сматаев қазақ халқының басынан өткен отызыншы жылдардағы нәубетке арнап жетпісінші жылдарда «*Ақжелең*» атты роман жазған.

С. Сматаевтың бір қасиеті – не жазса да әбден зерттеп, зерделеп барып, жүрегінен өткізіп жазады. Сондықтан жазушының қиялы шындықпен астасып, табиғилық деген құдіретке айналады. Қаламгердің тарихи шығармаларының құндылығы осында болса керек. Софының жазған әр шығармасының табиғатында оның өзінің шығармашылық тұлғасы, авторлық позициясы әр қилы танылады.

2000 жылы «Айкос» деген баспадан С. Сматаевтың «*Жарылғап батыр*» деген өлеңмен жазылған романы жарық көрді. С. Сматаевтың «*Жарылғап батыры*» әсерлі роман.

«*Жарылғап батыр*» романының арқауына ел тарихы, халық өмірі, алаштың үміт арманы ілініпті. Қазақ топырағында өлеңмен жазылған аса күрделі кесек бұл туынды – романның барлық шартына жауап беретін оқиғасы өзекті, құрылымы күрделі кітап. Кейіпкерлері – белгілі тарихи тұлғалар. Қазақ халқының аса бір қиын кезеңі – жоңғар-қалмақ басқыншылығына қатты күйзеліп, Арқа мен Алтайдан, Орал мен Жетісудан айрылған, Қаратау мен Сыр бойына, сонау Жиделі-Байсынға табан тіреген қасіретті күйінен сыр шертеді. Жан-жақтан қысып келе жатқан азулы көршілері – Ресей патшалығы, қызылбас елі, Қытай империясы, ойрат-жоңғар хандығы қоршаған шабынды елдің басын біріктіріп, іштегі алауыз сұлтандар бүлігінен құтқарып алып, сыртқы басқыншы жауларға қарсы халықтық күреске жұмылды-

рудағы Қазыбек, Төле билердің, Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жарылғап батырлар әрекеті жан-жақты көрсетілген (Т. Молдағалиев, 2001, 11 б.)

Бұл дастанда XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы ұлы соғыстар жайлы көп толғаныс, толғаулар бар. Шығарманың өзекті қаһарманы – Жарылғап батыр. Жарылғап батыр - Абылай төңірегінде топтасқан, өмірі шырғалаң оқиғаларға толы сардарлардың бірі. «Жарылғап батыр» романы Софының тағы бір шығармашылық жеңісі мен жемісінің белгісі.

С. Сматаев «Мейрамсопы - Қарқабат» дастанында да тарих тақырыбын қозғаған. Мұнда алдыңғы шығармаларындағыдай тарихи оқиғаларға қалындай кірмегенімен, тарихта бар, Арғыннан шыққан белгілі қайраткер Мейрамсопының өмірі мен тарихи-қоғамдық еңбегін жариялауға ұмтылады. Мейрамсопы – Арғын руының бастауында тұрған тұлғалардың бірі. Мейрамнан тараған ұрпақ «Бес Мейрам» деген атпен осы рудың бір бөлігін құрайды. Ол – тарихта белгілі Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек атты ру басыларының әкесі. Арғынның екінші бөлігі Мейрамның әкесі Ақжолдың (Дайырқожа) екінші әйелі Момыннан тарайды.

Мейрамсопы қазақ хандығының көрнекті билерінің бірі болған. Дастандағы Мейрамсопы бейнесі әкесі ұстанған әділетті халық жолын жалғастырған, арына дақ салдырмай өткен, «от пен оқта шыңдалған», «дауда сөзін асырған», «жаудан жылқы айырған» батыр, алғыр азамат ретінде суреттеледі. Ол бүкіл Арғынның тізгінін ұстап, ел назарына ерте ілігеді. Оның әрекеттері ойраттармен соғыста, Ақорда билеушілерінің қазақ жеріне шабуыл кедерінде айқын көрінеді. Бидің жеке басының адамдық, адалдық қасиеттері Түркістан сапарын суреттеуде, отбасылық тіршілік көріністерінде анық танылады.

Софы сан қырлы қаламгер. Ол «Жұмбақ қыз», «Жамбыл», «Жаяу Мұса», «Айбибі-Нарбота», «Бойдақтар» сияқты үлкен полотнодағы музыкалық шығармаларға жазылған либретто авторы ретінде белгілі. Солардың ішінде елге ең танымалысы – «Жұмбақ қыз». Ол либреттоның оқиғасы Софының өзі жазып жүрген тарихи тақырыбының бір бұтағы секілді. Сәкен Сейфуллиннің операдағы бейнесін тұңғыш сахнаға шығарған.

Операға арнап либретто жаза бастағаннан кейін, Софы Сматаев драматургиялық шығармаларды өмірге әкеле бастады. Софының тазалыққа, шынайылыққа баулитын пьесалары өз алдына бір төбе. Солардың ішінде елге ең танымалы – М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының кіші сахнасында қойылған «Жұлдызым менің жоғары», Ғ. Мүсірепов атындағы театр сахнасында көрсетілген «Зарзаман» пьесалары. Адамды азаматтық биікке көтеріп, көрсету үшін әр қаламгер сол кейіпкерін өзі барынша ұнатып отырып жазуы керек. С. Сматаев сондай шығармашылық биікке шыққан қаламгер.

3. Қорытынды. 2009 жылдың 30 мамыры күні Алматы қаласында Темірбек Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясында Софы Сматаевтың 17 томдық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Софы Қалыбекұлы аталмыш 17 томға бірде-бір аударма, ешқандай мақала, рецензия кіргізбеуді жөн көрген. Таза прозасы, поэзиясы және драматургиясы ғана енгізілген. Көптомдықтың үш томдығына әңгіме, повестері кіргізілсе, үш томдығына пьесалары енгізілді. Үш томына поэзиясы сыйғызылып, қалған сегіз томы – сегіз романының еншісіне бұйырған.

Софының әр шығармасының жазылуына әртүрлі оқиғалар себеп болған. Мәселен, «Әулет сыры» дастанының жазылуына бір ардақты ананың аналық, адамдық құдіретіне арналған Сәкен Тұрысбековтың күйін тыңдағандағы тебіренген халі дәнекер болған. Сол күйдің, сол күйге арқау болған Ақжүніс ананың күрделі тағдыры Софыға күшті әсер етіп, қолына қалам ұстатқан. Ал, «Елім-ай» романының жазылуына «Елім-ай» әні қатты әсер етіп, тарихи романның дүниеге келуіне себепкер болған.

С. Сматаев В. Шекспирдің «Юлий Цезарь» драмасын, венгр жазушысы И.Добозидің «Сейсенбіден бейсенбіге дейін» повесін, ұйғыр жазушысы Х.Абдуллиннің «Жолдастар», Ю. Мухлисовтың «Садыр палуан» романдарын, Короленконың, В. Солоухиннің, А. Лупанның, Е. Исаевтың, В. С. Иванов, П.Загребельныйдың әңгіме, өлеңдерін аударған. С.Сматаевтың

«Елім-ай» романы, т.б. туындылары көптеген шетел тілдеріне аударылған (Қамшыгер С., Жұмашева Қ., 2009, 364 б.).

Сонымен әр жазушы үшін оның барлық дүниесі басты шығарма болып көрінеді. Софы Сматаев талай-талай роман, повесть, өлең-жыр, дастандардың пьесалар мен либреттолардың авторы болды. Софы сынды өз халқының қадірлі жазушысы сол халқының киесімен күдіреттеніп, күдіретті туындыларын дүниеге әкеле бермек. Ал қалың оқырман үшін, әдеби орта үшін оның басты туындысы – «Елім-ай» трилогиясы.

Әдебиет тізімі

А. Байтұрсынов Шығармалары. – Алматы: Жазушы. – 1989. – 319 б.

Ә. Нұршайықов Қалам қарымы. // Қазақ әдебиеті. – 1991. – 12 маусым. – 8 б.

Д. Исабеков Барлық жанрда бірдей қалап тербеп. // Қазақ әдебиеті. 2001. 22 маусым, 10 б.

З. Серікқалиұлы Тағдыр және біз. Әдеби сыншылдық көзқарастар, толғаныстар, эссе. Алматы: Ана тілі. – 1996. – 320 б.

Қ. Алпысбаев Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: Таймас. – 2008. – 232 б.

Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. Құрастырғандар: Қамшыгер С., Жұмашева Қ. – Алматы: «Ақ Арыс» баспасы, 2009. – 480б.

Т. Молдағалиев Софының «Жарылғап батыр» дастаны туралы. // Қазақ әдебиеті. – 2001. – 2 наурыз. – 18 б.